



Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжінің 1-ші курс студенттері арасында колледжішілік Ұлы Отан Соғысының 80 жылдығына арналып өтетін “Көңілді старт” жарысының ЕРЕЖЕСІ

Негізгі ереже Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжінің 1-ші курс оқушылары (студенттері) арасындағы колледжішілік конкурстың (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережесі

1.1 Осы ереже колледждің бірінші курс оқушылары арасында «Көңілді старт» байқауын өткізудің мәртебесі мен тәртібін реттейді.

1.2 Конкурсты ұйымдастырушы – *Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі*.

1.3 Дене шынықтыру пәнінің оқытушылары конкурсты тікелей ұйымдастырады және өткізеді:

- 1.Таттимбетов О.Д
- 2.Кельмурзанов А.К
3. Базарбаев К.М
4. Есенгулов М.Б
5. Тынысов Р.Р

1.4 Осы ереже конкурсты өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды таңдау критерийлерін белгілейді.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1 Конкурстың мақсаты:

- физикалық дайындығы жоғары оқушыларды анықтау;
- Қазақстандық патриотизмді, қазақстандық батырларға деген мақтаныш сезімін ояту;
- бірінші курс студенттерін біріктіру;

2.2 Конкурстың міндеті:

- спорттық іс-әрекетке қызығушылықты ояту;
- ұжымшылдық физикалық жағдайын, төзімділігін дамыту;
- спортқа деген көзқарасын, дағдыларын оң бағытта дамыту;
- жетістіктер арқылы спортқа қатысушылардың

белсенділігін арттыру;

3. Жарысқа қатысушылар.

Жарысқа спорттық киіммен 1-ші курс студенттері (ұлдар мен қыздар) толық қатысады.

4. Конкурсты ұйымдастырушылар.

4.1 Конкурсты ұйымдастырушылар әділқазылар алқасын құрады және оның құрамын бекітеді.

4.2 Конкурсты дайындау және өткізу бойынша жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті (дене шынықтыру пәні оқытушылары) жүзеге асырады;

- қазылар алқасының құрамын және оның жұмыс ережесін бекіту;
- өтінімдерді қабылдауды ұйымдастыру;
- қазылар алқасының жұмысын жазып алу;
- байқау барысында туындаған даулы мәселелерді шешу;

5. Конкурстың қазылар алқасы.

5.1 Конкурстың қазылар алқасының құрамын, конкурсты ұйымдастырушылар ӘЦК ЖБП оқытушыларының арасынан құрады. Конкурстың қазылар алқасы байқауға қатысушыларға дұрыс баға беруді қамтамасыз етеді;

- бағалау критерийлеріне сәйкес әр конкурс түрі бойынша ұпай санын белгілейді;
- ұпайлардың жалпы саны негізінде конкурстың әрбір түрі бойынша жеңімпаздар анықталады;

6. Конкурсты өткізу мерзімі мен бағдарламасы.

6.1 Жарыс 2025 жылғы 18 сәуірде колледждің спорт алаңында өтеді;

6.2 Байқау бағдарламасында;

I. Жалпы дене дайындығы;

1) Көңілді эстафета : қатысушылар саны 9 – оқушы, жүктеменің орындалуы (уақытқа).

I - этап : Екі оқушы айқастырған қолға 3 - ші оқушыны отырғызып , қашықтықты жүгіріп өтеді (уақытқа) 9 - оқушы.

II - этап : Қатысушылар ракеткамен теннис шаригін жерге түсірмей қашықтыққа жүгіріп өтеді (уақытқа) 9 - оқушы.

III - этап : Қатысушылар - қаппен қос аяққа қашықтыққа жүгіріп өтеді (уақытқа) 9 - оқушы.

IV - этап : Қатысушылар - жұппен екі оқушы , қарама-қарсы қалыпта , құрсау (обруч) ішінде сол не оң жақпен жүгіріп өтеді (уақытқа) 8 - оқушы.

V - этап : “Тышқан тұзақ”. Эстафета қатысушылары кезекпе-кезек “туннелді” еңсеріп , алдыға айналым жасап , өз тобына жүгіріп қайтады (уақытқа) 9 - оқушы.

II. Ұлттық спорт түрі.

I - этап : Асық ату (6 – оқушы асыққа тигізсе ұпай беріледі).

II - этап : Бұқа тартыс (3 - оқушы 65 , 75 немесе абсалют салмақ).

III - этап : Батыр ойыны (3 - оқушы қарсыласты жерге бұрын түсіру)

IV - этап : Кір тасын көтеру (Ер балалар 16кг 3 - оқушы) Секіртпемен секіру (Қыз балалар уақытқа 3 – оқушы).

V - этап : Арқан тартыс (9 – оқушы , белгіленген жерден қарсыласты тартып шығару).

7. Жарыстың (конкурс) қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

- Ұсыныс : 1. Өтініш формасы (саны, жарыс түрлері бойынша, ұлдар мен қыздар).
2. Жарыс түрлері бойынша ұпайларды есептеуге арналған балл парағы.
3. Жарыс түрлері бойынша хаттама нысаны.
4. Жеңімпаздарды анықтаумен жарыстың (конкурстың) қорытындысын шығару, марапаттау парақтарын дайындау.
5. Жарыстың (конкурстың) сценарийі.

Әдістемелік кеңес отырысында қаралып,
мақұлданды
«10» ақпан 2025 жыл Хаттама № 5

1941-1945 жылдардағы «Ұлы Отан Соғысы» Жеңісінің 80 жылдығына арналған 1-ші курс оқушылары арасында өткізілетін «Көңілді старт» жарысын өткізу сценарийі.
2025 жылғы 18 сәуір.
10:00-де басталады.

1. Жарыстың салтанатты шеруі (спорттық киіммен қатысушылар топ болып сапқа тұрады).
2. Директордың құттықтау сөзі (әкімшілік).
3. Жарыс бағдарламасының өткізілу ретімен таныстыру (Кельмурзанов А.К).
4. Спорт түрлері бойынша жауапты төрешілерді таныстыру (Базарбаев Қ.М) :

Көңілді эстафета - Базарбаев Қ.М
Асық ату - Тынысов Р.Р
Бұқа тартыс - Кельмурзанов А.К
Батыр ойыны - Тәттімбетов О.Д
Кір тасын көтеру - Есенгулов М.Б
Арқан тартыс - Кельмурзанов А.К

5. Жарыс қорытындыларын жариялау және жеңімпаздарды марапаттау (әкімшілік)
- .

Ұйымдастыру алқасы